

Қостанай облысының Жітіқара қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 736 қаулысы

Қостанай облысының Жітіқара қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытуды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысының Жітіқара қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.
2. Орталық атқарушы органдар мен Қостанай облысының әкімдігі Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жылдың қорытындысы бойынша 25 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 15 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 29 тамыздағы
№ 736 қаулысымен
бекітілген

Қостанай облысының Жітіқара қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары

Жітіқара қаласы – Қостанай облысының оңтүстік-батыс бөлігінде облыс орталығы Қостанай қаласынан 220 километр қашықтықта орналасқан аудан орталығы. Өңірдің экономикалық-географиялық жағдайы қолайлы. Ресей Федерациясы Челябинь облысы Бредин ауданының шекарасына дейінгі қашықтық 23 километрді құрайды.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Жітіқара қаласының халық саны 35298 адамды құрады, оның ішінде экономикалық белсенді халық – 19684 адам (55,8 %). Жұмыссыздық деңгейі 4,7 %-ды құрайды.

2022 жылы 1000 адамға шаққанда жалпы өлім-жітім көрсеткіші 11,9 жағдайды құрады (2021 жылы – 16,7 жағдай), аналар өлім-жітімі бойынша 1 жағдай тіркелді (2021 жылы – 0), сәбилер өлім-жітімі көрсеткіші 1000 тірі туғанға – 5,9 жағдай (2021 жылы – 19,1 жағдай).

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тұрғын үйге мұқтаждар кезектілігінде 741 отбасы тұр. Оның ішінде көпбалалы отбасылар – 11, әлеуметтік жағынан осал отбасылар – 435, жетімдер – 145, бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлері – 150 отбасы.

2022 жылы 90 пәтер берілген, оның ішінде 2 пәтер – көп балалы отбасыларға, 32 – жетім балаларға, 52 – толық емес отбасыларға, зейнеткерлер мен мүгедектерге, 4 – бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлеріне берілген, оның ішінде кезекте тұрған 65 азаматқа 11-шағын ауданның № 18 үйін күрделі жөндеу есебінен тұрғын үй берілген.

Моноқаланың экономикалық мамандануы индустриялық бағытқа ие. Өңір хризотил-асбест, алтын қоспасы бар кен өндіруге және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге маманданған.

Өнеркәсіп құрылымында ең көп үлес салмақ тау-кен өнеркәсібіне тиесілі.

Тау-кен өндіру секторының ірі кәсіпорындары – қала құраушы болып табылатын "Қостанай минералдары" АҚ және "Комаров тау кәсіпорны" ЖШС қаланың өнеркәсіптік әлеуетін айқындайды.

"Қостанай минералдары" АҚ – хризотил-асбест өндіру және байыту жөніндегі Қазақстандағы жалғыз кәсіпорын, сыртқы экономикалық қызметке қатысушы. Кеннің баланстық қоры кәсіпорынның жұмысын пайдалануға (100 жылдан астам) жеткілікті.

"Комаров тау кәсіпорны" ЖШС пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу қызметін жүзеге асырады.

Бұдан басқа, өңірде құны 1100 миллион теңге болатын және 140 жұмыс орны құрылған "Жітіқара ауданында дайын өнім – доре қорытпасын ала отырып, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру және 450 мың тоннаға дейін кенді қайта өңдеу" "зәкірлік" жобасының өтініш берушісі болып табылатын "Брендт" ЖШС ірі кәсіпорны жұмыс істейді.

Ауданның өңдеу өнеркәсібін металлургия, азық-түлік кәсіпорындары мен басқа да өнеркәсіп салалары құрайды.

Бұл ретте жақын арада шешілуге тиісті мына проблемалар бар:

1. Жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтер тарифтерінің жоғары болуы.

Қазіргі уақытта орталық қалалық қазандық жабдықтары 2 МВт-қа дейін электр энергиясын тұтынады, объектілерді жылумен жабдықтау және ыстық сумен жабдықтау күзгі-қысқы кезеңде ғана жүзеге асырылады. Табиғи газ бен электр энергиясы құнының жоғары болуына байланысты жазғы кезеңде ыстық сумен жабдықтауға едәуір қаржы қаражаты талап етіледі. Меншікті электр станциясын орнату электр энергиясын сатып алу шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Сағатына 5 Гкал көлемінде жылу

энергиясын өндіру газ тәріздес отынды сатып алу шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді. Бұл жобаны іске асыру электр энергиясы мен жылу энергиясының өзіндік құнын төмендетуге ықпал етеді, энергия үнемдеуде оң нәтиже береді. Жабдықтарды пайдалану тиімділігін арттыру және коммуналдық көрсетілетін қызметтер тарифтерінің өсуін тежеу үшін 2023 – 2024 жылдары "Орталық қалалық қазандықтың өз қажеттіліктерін өтеу үшін газ тұтынатын энергетикалық қондырғы салу" жобасын іске асыру жоспарлануда. Жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСК) әзірленді, 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 12-0400/22 сараптаманың оң қорытындысы бар.

2. Жылумен жабдықтау желілерінің жоғары дәрежеде тозуы. Жылу желілерінің жалпы ұзындығы 78,5 километрді, тозуы 61,1 %-ды құрайды.

Қазіргі уақытта қаланың жылу желілерінің ұзақ уақыт пайдаланылуына байланысты (25 жылдан астам) құбырлар айтарлықтай металл коррозиясына ұшыраған, нәтижесінде құбырлар бетінің тұтастығы бұзылып, ол жылытылған судың едәуір шығынымен қатар авариялардың жиі болуына себепші болып отыр. Бұған жол бермеу үшін ескі тозығы жеткен құбырларды полиуретанды көбік оқшаулағышы бар жаңа болат құбырларға ауыстыра отырып, жылу желілерінің учаскелерін реконструкциялау, сондай-ақ авариялық жағдайларды болдырмау және жөндеу арасындағы режимді сақтау үшін су жылыту қазандықтарына күрделі жөндеу жүргізу қажет, бұл Жітіқара қаласының тұтынушылары мен әлеуметтік сала объектілерін үздіксіз жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, осылайша жылумен жабдықтаудың тозуы 61,1 %-дан 59 %-ға дейін төмендейді.

3. 12-шағын ауданда су бұру желілерінің жоғары дәрежеде тозуы, су бұру желілерінің болмауы.

Су бұру желілерінің ұзындығы – 76,6 километр, тозуы 76 %-ды құрайды, 52,6 километрден астам желіні реконструкциялау талап етіледі.

Қаладағы жалпы ұзындығы 1500 метр бәсеңдеткіш құдықтан бастап кәріздік тазарту құрылыстарына (бұдан әрі – КТҚ) дейінгі Д600 миллиметрлік кәріз коллекторы 1961 жылы салынған. Су бұру темірбетон құбырларынан жасалған. Пайдалану мерзімінде (60 жылдан астам) бетон құрылымын жоғалтып, физикалық тұрғыдан бұзылуға ұшырады. Агрессивті ортаның әсерінен кәріз құбырлары жұқарып, істен шығуда, құбырлардың өткізу қабілеті бұзылуда. КТҚ-ға келетін ағынды сулардың бітеліп қалу қаупі бар, бұл Жітіқара қаласына экологиялық апат төндіреді. Кәріз құбырлары сапалы су бұру нормаларына сәйкес келмейді әрі санитариялық және құрылыс нормалары мен қағидаларының талаптарына сәйкес келмейді. Орталықтандырылған су бұру жүйесімен қала халқының 81,6 %-ы қамтылған.

Су бұру желілерін жөндеу жөніндегі іс-шараларды одан әрі жүргізу үшін екі коллектор мен КТҚ-ны реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру жоспарлануда, бұл олардың сенімділігін, су бұруды үздіксіз жүргізуді қамтамасыз етуге және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Аталған

іс-шаралар су бұру желілерінің тозуын 76 %-дан 73 %-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді.

12-шағын ауданның тұрғындары ағынды суларды бұру үшін септиктерді пайдаланады, бұл қала мен ауданның экологиясына теріс әсер етеді. Бұл проблеманы шешу үшін 2022 жылы ұзындығы 3,1 километр су бұру желілерін салуға ЖСҚ әзірленді. Су бұру жүйесімен қамту 81,6 %-дан 82,8 %-ға дейін ұлғаяды.

4. Шортанды өзенінің оң жағалауындағы аз қабатты құрылыста орталықтандырылған сумен жабдықтаудың болмауы.

Сумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы – 182,7 километр. Жалпы ұзындығы 18,8 километрді құрайтын Шортанды өзенінің оң жағалауындағы аз қабатты құрылысқа сумен жабдықтау желілерін салу және Кеңсай шағын ауданын сумен жабдықтау желілерін салу 2,5 мыңнан астам адамды үздіксіз сумен жабдықтауды қамтамасыз етеді және ауыз суды пайдаланатын халықтың қамтылуын 91,3 %-дан 99,3 %-ға дейін ұлғайтады.

5. Қаланың жекелеген аз қабатты шағын аудандарында газдандырудың болмауы.

Газбен жабдықтау желілерінің ұзындығы 139,4 километрді құрайды, халықтың 98,5 %-ы газбен қамтамасыз етілген. Проблеманы шешу үшін: № 1, Кеңсай (тарататын және жеткізетін газ құбыры), Дружба және 11-шағын ауданның аз қабатты үйлерін газдандыру бойынша төрт жобаны іске асыру жоспарлануда. Газбен қамтамасыз етілу 98,5 %-дан 99,2 %-ға дейін ұлғаяды.

6. Емхананың терапиялық учаскелері кабинеттерін және аудандық ауруханада төсек-орындарды орналастыру үшін алаңның жетіспеушілігі, емханадағы үлкен кезектілік.

Бұрынғы емхана ғимаратын қалпына келтіру және аудандық аурухананың ауысымына 400 келушіні қабылдауға көшуі амбулаториялық-емханалық қызметті, терапиялық учаскелер кабинеттерін орналастыру және үлкен кезектілік бойынша қазіргі проблеманы шешуге, сондай-ақ амбулаториялық науқастарға арналған төсек-орындарды көбейтуге мүмкіндік береді. Аудан аумағында бұрынғы емхананың ғимараты сақталған, сметалық құны 571,5 миллион теңге болатын емхана ғимаратын және аудандық аурухананың өтпешолын (қасбеттерді жөндеусіз) реконструкциялауға арналған ЖСҚ бар.

7. Қосымша өрт сөндіру депосын салу қажеттілігі.

Жітіқара қаласында № 12 өрт сөндіру бөлімі бар. Өрт сөндіру бөлімінің штат саны 42 штаттық бірлікті құрайды. Жауынгерлік есепте тәулік сайын екі өрт автоцистернасы және жеке құрамның 5 адамы болады. Қазіргі уақытта Жітіқара қаласының № 12 өрт сөндіру бөлімінің аумағында үш шығуға арналған бір өрт сөндіру депосы бар. Өртке қарсы қызмет органдарының объектілерін жобалау қағидаларына сәйкес 20 мыңнан 50 мың адамға дейін халқы бар қалалар мен басқа да елді мекендер үшін өрт сөндіру деполары мен автомобильдер саны 6 шығуға арналған 2 депоны құрауға тиіс.

Қосымша өрт сөндіру депосын салу қарауылдың төтенше жағдай болған жерге есептік келу уақытын қысқартуды қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде өрттің бастапқы даму кезеңінде өршуін оқшаулауға және жоюға, зардап шеккендерді уақтылы құтқарып, эвакуациялауға және өрт салдарын барынша азайтуға әсер етеді.

Қостанай облысының Жітіқара қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған кешенді жоспары орнықты дамуды қамтамасыз етуге, қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға және бизнестің экономикалық белсенділігін ұлғайту үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі, миллион теңге*	Қаржыландыру көздері
-------	------------------	----------------	------------------	----------------------	-------------------------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
Күтілетін нәтижелер						
1.	Өнеркәсіпте: өңдеу өнеркәсібі есебінен өнеркәсіптік өндірістегі қиыршық тас көлемін 91,3-тен 150 мың текшеге дейін ұлғайту; негізгі капиталға салынатын инвестицияларды 14,7-ден 18 миллиард теңгеге дейін ұлғайту; хризотил-асбест өндірісін 250 мың тоннадан 300 мың тоннаға дейін ұлғайту.					
2.	Кәсіпкерлік саласында: Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлердің санын 1,8 мыңнан 1,9 мыңға дейін ұлғайту; сауда желісін 13,1 мың шаршы метрден 14,4 мың шаршы метрге дейін кеңейту; ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру – жобалық қуаты сағатына 50 тонна қаптама.					
3.	Денсаулық сақтау саласында: терапиялық учаскелер, физиотерапиялық және оңалту бөлімшелері, балалар мен әйелдерге консультация беру кабинеттерін орналастыру, емханадағы кезектілікті азайту, емхана қуаты – бір ауысымда 400 келуші; амбулаториялық науқастарға арналған күндізгі стационардағы төсек-орынды 7-ден 15-ке дейін көбейту.					
4.	Бұқаралық спорт саласында: дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын халықтың қамтылуын 44,4 %-дан 50 %-ға дейін ұлғайту; спорттық-бұқаралық іс-шаралардың санын жылына 640-тан 740-қа дейін ұлғайту.					
5.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында: жобалық көрсеткіштер бойынша жылу энергиясының орташа босату тарифін 3,6 %-ға дейін төмендету, электр энергиясын сатып алу құнын 17,4-тен 12,23 кВт*сағат/теңгеге 29,7 %-ға дейін төмендету, қуат тұтынуды 1600-ден 2000 кВт*сағатқа дейін ұлғайту; желілік судың қозғалыс схемасын өзгерту есебінен отынды 2,4 %-ға үнемдеу (су жылыту қазандықтарын реконструкциялау есебінен); жылумен жабдықтау желілерінің тозуын 61,1 %-дан 59 %-ға дейін төмендету; су бұру желілерінің тозуын 76 %-дан 73 %-ға дейін төмендету;					

	қосымша 2,5 мыңнан астам адамның үздіксіз сумен жабдықталуын қамтамасыз ету, халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтылуын 91,3 %-дан 99,3 %-ға дейін ұлғайту; Жітіқара қаласы халқының газбен қамтамасыз етілуін 98,5 %-дан 99,2 %-ға дейін ұлғайту, 335 абонентті газбен жабдықтау жүйесіне қосу.					
6.	Қауіпсіздік мәселелері: қылмыстық әрекеттердің ашылуын 30 %-дан 40 %-ға дейін және әкімшілік құқық бұзушылықтардың ашылуын 4 %-ға дейін арттыру; қарауылдың төтенше жағдай орнына келуінің есептік уақытын екі есеге қысқарту (7 минут).					
7.	Қоршаған ортаны қорғау бойынша: кездейсоқ үйінділер санын жылына 5-ке дейін қысқарту; су тасқыны кезеңінде Жітіқара қаласының аз қабатты құрылыстарының (500-ге жуық адамы бар 127 үй) су басу қаупін төмендету; саяжай учаскелерінің үздіксіз сумен жабдықталуын қамтамасыз ету.					
8.	1750-ге жуық жұмыс орнын құру, жұмыссыздық деңгейін 4,7 %-дан 4,4 %-ға дейін төмендету.					
I. Экономиканың нақты секторы						
1. Өнеркәсіп және инвестициялар						
1.	Аршалысай кен орнында ұсақтау-сұрыптау кешенін салу және граниттер өндіру	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	850	БК
2. Кәсіпкерлік						
2.	Жітіқара қаласында супермаркет пен отбасылық дәмхана ашу (сауда залының алаңы – 1296 шаршы метр, дәмхана алаңы – 194 шаршы метр, 50 жұмыс орнын құру)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	100 10	БК ЖБ
3.	Астықты тиеп, қаптарға орау желісін іске қосу (жобалық қуаты – сағатына 50	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі		БК

	тонна, 5 жұмыс орнын құру)				95	
II. Халықты жұмыспен қамту						
Халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, экономикалық белсенділікті ынталандыру, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын ашуға жәрдемдесу						
4.	Жұмысқа орналастыру үшін жастар практикасын ұйымдастыру (жыл сайын кемінде 28 адам)	Еңбекминіне ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	34	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		35	
			2025 жылғы IV тоқсан		36	
			2026 жылғы IV тоқсан		36,6	
			2027 жылғы IV тоқсан		37,2	
5.	Әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыру (жыл сайын кемінде 26 адам)	Еңбекминіне ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	10,9	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		10,9	
			2025 жылғы IV тоқсан		10,9	
			2026 жылғы IV тоқсан		10,9	
			2027 жылғы IV тоқсан		10,9	
6.	Қоғамдық жұмыстарға орналастыру (жыл сайын кемінде 40 адам)	Еңбекминіне ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	50,4	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		50,4	
			2025 жылғы IV тоқсан		50,4	
			2026 жылғы IV тоқсан		50,4	
			2027 жылғы IV тоқсан		50,4	
7.	Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 400 АЕК-ке дейін гранттар беру (жыл сайын кемінде 4 адам)	Еңбекминіне ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	5,4	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		5,6	
			2025 жылғы IV тоқсан		5,8	
			2026 жылғы IV тоқсан		6	
			2027 жылғы IV тоқсан		6,2	

8.	"Алғашқы жұмыс орны" жобасы бойынша жұмысқа орналастыру: 2023 жылы – 16 адам; 2024 жылы – 22 адам; 2025 жылы – 27 адам; 2026 жылы – 27 адам; 2027 жылы – 27 адам	Еңбекминіне ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	19,6	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		20,6	
			2025 жылғы IV тоқсан		21,5	
			2026 жылғы IV тоқсан		21,7	
			2027 жылғы IV тоқсан		22,8	
9.	"Ұрпақтар келісімшарты" жобасы бойынша жұмысқа орналастыру (жыл сайын кемінде 2 адам)	Еңбекминіне ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	0,6	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		0,6	
			2025 жылғы IV тоқсан		0,6	
			2026 жылғы IV тоқсан		0,6	
			2027 жылғы IV тоқсан		0,7	
10.	"Күміс жас" жобасы бойынша жұмысқа орналастыру: 2023 жылы – 7 адам; 2024 жылы – 7 адам; 2025 жылы – 7 адам; 2026 жылы – 6 адам; 2027 жылы – 6 адам	Еңбекминіне ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	5	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		5	
			2025 жылғы IV тоқсан		5	
			2026 жылғы IV тоқсан		5	
			2027 жылғы IV тоқсан		6	
11.	Жұмыс берушілер берген өтінімдерге сәйкес мамандықтар бойынша қысқа мерзімді оқыту (жыл	Еңбекминіне ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	5,1	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		5,1	
			2025 жылғы IV тоқсан		5,2	
			2026 жылғы IV тоқсан		5,2	

	сайын кемінде 21 адам)		2027 жылғы IV тоқсан		5,2	
12.	Өңіраралық ерікті қоныс аудару (теріс демографиялық үрдістерді нивелирлеу жөніндегі іс-шара)	Енбекминіне ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	7,8	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		8,2	
			2025 жылғы IV тоқсан		8,4	
			2026 жылғы IV тоқсан		8,7	
			2027 жылғы IV тоқсан		9	
III. Өмір сүруге жайлы және қауіпсіз өңір						
1. Денсаулық сақтау						
13.	Павлов көшесі, 9-құрылыс мекенжайындағы емхана ғимаратын және аудандық аурухананың өтпежолын реконструкциялау (қасбеттерді жөндеусіз)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ДСМ	10	РБ
			2024 жылғы IV тоқсан		57,2	ЖБ
					504,3	РБ
2. Мәдениет						
14.	"Жітіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Аудандық мәдениет сарайы" МКҚК ғимаратын күрделі жөндеу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, МСМ	29,8	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		212	ЖБ
					21	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		212	ЖБ
					21	ЖБ
3. Бұқаралық спортты дамыту						
	Шағын футбол		2023 жылғы IV тоқсан		15,8	
		2024 жылғы		16,5		

15.	алаңын орнату (жыл сайын 1 футбол алаңынан)	орындалған жұмыстар актісі	IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	17,4	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан			
			2026 жылғы IV тоқсан			
16.	Спорт алаңдарын орнату (жыл сайын 2 алаңнан)	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	31	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		33	
			2025 жылғы IV тоқсан		34	
			2026 жылғы IV тоқсан		35	
			2027 жылғы IV тоқсан		35	
4. Жылумен жабдықтау						
17.	Орталық қалалық қазандықтың мұқтажын өтеу үшін газ тұтынатын энергетикалық қондырғы салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ЭМ	313	РБ
			2024 жылғы IV тоқсан		34,7	ЖБ
					313	РБ бюджет
34,8	ЖБ					
18.	"Жітіқарақоммунэнерго" МКК орталық қалалық қазандығының ПТВМ-30 № 5 су жылыту қазандығын реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ЭМ	7,8	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		165,4	РБ
					18,4	ЖБ
	"Жітіқарақоммунэнерго" МКК орталық қалалық қазандығының ПТВМ-30 № 6 су жылыту	объектіні	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай	8	ЖБ
					178,2	РБ

19.	қазандығын реконструкциялау	пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	облысының әкімдігі, ЭМ	19,8	
20.	" Жітіқара коммунальн энергo" МКК орталық қалалық қазандығының ПТВМ-30 № 7 су жылыту қазандығын реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ЭМ	8	ЖБ
					192,6	РБ
			2026 жылғы IV тоқсан		21,4	ЖБ
	Жітіқара қаласының Алтынсарин көшесіндегі ЖК-10а-дан ЖК-56-ға дейін ұзындығы 0,320 километр жылу желісі учаскесін реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан		2,8	ЖБ
					180	РБ
			2024 жылғы IV тоқсан		20	ЖБ
	Жітіқара қаласының ЖК-14-тен ЖК-16-ға дейін ұзындығы 0,202 километр Д 530 миллиметрлік жылу желісі учаскесін реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан		2,4	ЖБ
					135	РБ
			2024 жылғы IV тоқсан		15	ЖБ
Жітіқара қаласы 11-шағын			2023 жылғы IV тоқсан		4,8	ЖБ
					260,1	РБ

21.	ауданындағы ЖК-6-дан ЖК-10а-ға дейін ұзындығы 0,428 километр Д 6 0 0 миллиметрлік жылу желісі учаскесін реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	28,9	ЖБ	
	Жітіқара қаласындағы Жібек жолы көшесі бойындағы (бұрылыстан ВОС-2 бұрылысына дейін) ұзындығы 0,440 километр Д 1 9 миллиметрлік жылу желісі учаскесін реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан		3,1	МБ	
			2024 жылғы IV тоқсан		225	РБ	
	Жітіқара қаласы Алтынсарин көшесі бойындағы (жол астындағы өтпезолдар) ұзындығы 0,242 километр Д 3 2 5 миллиметрлік жылу желілері учаскелерін реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан		2,6	ЖБ	
			2024 жылғы IV тоқсан		162	РБ	
			2024 жылғы IV тоқсан		18	МБ	
	5. Газбен жабдықтау						
	№ 1 шағын ауданының газ тарату	объектіні пайдалануға	2024 жылғы			37,4	РБ
						4,2	

22.	желілерін салу (1,4 километр)	кабылдау актісі	IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ		ЖБ
23.	Кеңсай және № 9 шағын аудандарына жеткізуші газ құбырын салу (2,4 километр)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	102,4	РБ
					11,4	ЖБ
24.	Кеңсай шағын ауданының газ тарату желілерін салу (1,9 километр)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	46	РБ
					5,2	ЖБ
25.	Дружба шағын ауданы мен 11-шағын ауданның аз қабатты үйлерінің газ тарату желілерін салу (5 километр)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	5	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		54	РБ
					6	ЖБ
6. Сумен жабдықтау және су бұру						
26.	Жітіқара қаласының шығыс ауданындағы Шортанды өзенінің оң жағалауы бойындағы аз қабатты құрылысқа сумен жабдықтау желілерін салу (16,8 километр)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	300	РБ
			2024 жылғы IV тоқсан		36,5	ЖБ
					356,7	РБ
					36,5	ЖБ
	Бәсеңдеткіш құдықтан КТҚ-ға дейін Д 600 кәріз	объектіні пайдалануға қабылдау актісі		Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	289,6	РБ
					ЖБ	

27.	коллекторын реконструкциялау		2023 жылғы IV тоқсан		32,2	
28.	Шоқан Уәлиханов көшесінен Естай Есжанов көшесіне дейінгі учаске шекарасында Степная көшесінің бойындағы Д 600 кәріз коллекторын реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	108,5	РБ
					12,1	ЖБ
29.	12-шағын ауданның кәріз (су бұру) желілерін салу (3,5 километр)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ИИДМ	105,7	РБ
					12	ЖБ
30.	Кеңсай шағын ауданының инженерлік коммуникацияларын (сумен жабдықтау, су бұру) салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	67,4	ЖБ
31.	Жітіқара қаласындағы КТҚ-ны реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, Т К Ш Қазорталығы (келісу бойынша), ИИДМ	35	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		35	
			2025 жылғы IV тоқсан		2025	РБ
			2026 жылғы IV тоқсан		225	ЖБ
					225	РБ
7. Жолдар және абаттандыру						
	Қала келбетін жақсарту (бостұрған ғимараттың бір бөлігін		2023 жылғы IV тоқсан		7,2	

32.	реконструкция). Ленин көшесі, 108/1 мекенжайындағы бұрынғы аудандық аурухана ғимаратын реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	650	ЖБ
8. Қауіпсіздік және құқықтық тәртіп						
33.	Ж о л белгілерін орнату (жыл сайын орта есеппен 80 белгі)	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	1,8	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		1,9	
			2025 жылғы IV тоқсан		2,1	
34.	Қалалық бейнебақылау жүйесі үшін бейнеағынды беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер – 10 бірлік	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	3	ЖБ
35.	2 автомобильге арналған өрт сөндіру депосы кешенін салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ТЖМ	20	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		270	РБ
			2025 жылғы IV тоқсан		30	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		270	РБ
36.	Соғыс уақытында жұмысын жалғастыратын азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған ұйымдардың паналайтын жерлерді құруы	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған ұйымдар	75	БК
37.	Қала әкімінің қалалық қосалқы басқару пунктін құру (радиацияға	объектіні пайдалануға	2025 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	20	ЖБ

	қарсы жасырын пана базасында)	қабылдау актісі				
38.	Қалалық құлақтандыру жүйесін басқару пультін енгізу – 1 жинақ	қабылдау-беру актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	6,65	ЖБ
39.	Дабылды-сөйлелу құрылғыларының енгізу – 7 жинақ	қабылдау-беру актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	17,7	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		23,6	
9. Экология						
40.	Шортанды өзенінің арнасын тазарту	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ЭТРМ	13,7	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		180	РБ
					20	ЖБ
41.	Жаңа кездейсоқ үйінділердің пайда болуын болдырмау	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	4,6	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		4,8	
			2025 жылғы IV тоқсан		5	
			2026 жылғы IV тоқсан		5,2	
			2027 жылғы IV тоқсан		5,4	

Ескертпелер: * Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және нақтылау кезінде әкімдік бюджет заңнамасына сәйкес қажетті құжаттаманы берген кезде нақтыланатын болады.

Қолдау көрсетілген жобалар бойынша қаржыландыру көлемі

Қаржыландыру көзі	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	Барлығы
РБ	888,1	3 175,9	2 527,2	2 217,6	0	8 808,8
ЖБ	564,2	1 442,4	767,7	451,7	209,8	3 435,8
БК	850	100	170	0	0	1 120
Жиыны	2 302,3	4 718,3	3 464,9	2 669,3	209,8	13 364,6

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЕК – айлық есептік көрсеткіш

АҚ – акционерлік қоғам

БК – басқа көздер

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

ЖБ – жергілікті бюджет

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

МКК – мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын

РБ – республикалық бюджет

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.